

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
«Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша
Академиялық Комитет мәжілісінің
№6 Мәжілісі

Түркістан қ.

15.03.2023 ж.

Қатысқандар:

«Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша Академиялық комитет төрағасы: Бельдибекова А.Т., ф.ғ.к. доцент,
АК мүшелері: Сердәлі Б.К., ф.ғ.к., профессор, Садибеков А.К. аға оқытушы, Дәулетов Мәлік «Түркістан-медиа» ЖШС директоры, газеттің бас редакторы, Шалхарбек Жұлдыз 2-курс студенті, Абдумутали Еңлік 1 курс студенті.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ тізілімінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету;
2. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша АК төрағасы А.Бельдибекова сөз алды. Ол ББ тізілімінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету барысы туралы мәселені қозғады. ББ тізілімінде тіркелген екі білім беру бағдарламасы да ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделді, аздаған кем-кетіктері болса түзетіп қолданысқа ендіруіміз керек. Осы ретте АК мүшесі, профессор Б.Сердәлі сіздің айтарыңыз бар ма?

АК мүшесі: Сердәлі Б.К., ф.ғ.к., профессор: Өздеріңізге мәлім өткен ақпан айында Бакалавр ББ жаңарту және жаңа ББ әзірлеу ұсыныстарын жинақтап, зерттеу жасалған болатын. Оған жұмыс беруші, «Түркістан-медиа» ЖШС директоры, газеттің бас редакторы, АК мүшесі Мәлік Дәулетов пен жұмыс беруші «Turkistan media holding» ЖШС бас директоры Ж.Ағыбаевтар қатысты. Жұмыс берушілердің берілген ұсыныстары қабылданып, талап тілектері ескерілді. Олардың ұсыныстары бойынша бірқатар жаңа пәндер енгізілді. Енді рәсімдеуге қатысты аздаған, ұсақ-түйек жұмыстары бар. Соларды жасасақ, енгізуге болады.


2. Академиялық комитет отырысында наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесі талданды. Алдағы атқарылатын жұмыстардың жүйесі жасалды.

АК төрағасы: Бельдибекова А.Т., ф.ғ.к. доцент: екінші мәселе наурыз айында атқарылған атқарылған іс шаралар нәтижесі қанағаттанарлық деп айтуға болады. Бүгінгі мәжілісте қатысып, пікірлерін ортаға салып, мәселені талқылауға қатысқан барша АК мүшелеріне алғысымды білдіремін.

ШЕШІМ:

1. ББ тізілімінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілу қолға алынсын. (жауапты А.Бельдибекова);
2. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрайымы:
Хатшы:



А.Бельдибекова
А.Ташимова